

Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 6 наурыз N 3398. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, Қазақстан азаматтарының кәсіпкерлік бастамаларын жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау мақсатында қаулы етемін:

1. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мемлекеттік экономикалық саясаттың басым саласы болып саналсын.

Жүзеге асырылатын шаралар, бірінші кезекте, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, оның әлеуметтік проблемаларын шешу мен еңбек белсенділігін дамытуға, тұтыну рыногын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің алуан түрлерімен толықтыруға бағытталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстармен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан экономикасының осынау маңызды секторын нығайту мен дамытуға іс жүзінде жан-жақты практикалық көмек пен қолдау көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жанынан Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттік құрып, оның жұмысын ұйымдастырсын. Оның басты міндеттері шағын кәсіпкерлікті қолдау жөнінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру, оны ең алдымен материалдық өндіріс саласында дамыту бағдарламасын талдап жасау мен жүзеге асыруға қатысу, шағын кәсіпкерлікке қаржылық және техникалық көмек көрсету мәселелерінде халықаралық қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасау, экономиканың осы секторына шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызуға жәрдем жасау болып табылады;

2) 1997 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде қолданылып жүрген заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізуді қоса алғанда, заң актілерінің жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізісін, оларда:

- жұмыс істейтін адамдар саны мен жиынтық табысына қарай шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мәртебелерін анықтау;

- шаруа (фермер) қожалығын қоса алғанда жеке және отбасылық кәсіпкерлікті заң тұрғысынан қамтамасыз ету, бұл ретте мемлекеттік

органдардың заңсыз араласпауына кепілдік беру көзделсін, олардың жеке кәсіпкерлердің құқықтарын бұзатын іс-әрекеттеріне шағым жасаудың айқын р ә с і м д е р і ;

- тіркеуге келетін мерзім мен төлемді қысқартуды, жарғылық қордың талап етілетін мөлшерін азайтуды, мемлекеттік меншіктің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өтеусіз берілуін көздей отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің оңайлатылған тәртібін енгізу;

- мемлекеттік бақылаушы және тексеруші органдарға шаруашылық жүргізуші субъектілермен және жеке кәсіпкерлермен өзара қатынастарын шарттық негізде жүзеге асыруға, сондай-ақ олардан заңмен белгіленген айыппұлдарды, өсімдер мен басқа да санкцияларды қоспағанда, қосымша төлем алуға мүмкіндік беретін қолданылып жүрген заң нормалары мен ережелерін алып тастау;

- материалдық өнім өндірумен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық пен кеден салығын салу саласында жеңілдіктер қолдану к ө з д е л с і н ;

3) 1997 жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, қазақстандық заңды тұлғалар мен кәсіпкерлердің, халықаралық қаржы ұйымдары шетелдік үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың қатысуымен шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы ұсыныстар енгізсін. Аталған Қордың негізгі қызметі кредиттерді шағын бизнес жобалары бойынша дербес түрде беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі Қордың қаражатын конкурстық негізде шартты орналастыру арқылы беруге бағытталуға тиіс. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2002.08.29. N 936 жарлығымен .

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Б а н к і м е н б і р л е с і п :

1) мемлекеттік банктер мен мемлекеттің қатысуымен екінші деңгейдегі банктерде жеке кәсіпкерлерді қоса алғанда, шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары үшін төлем алмай шоттар ашуды қамтамасыз ететін тиісті шешімдер мен ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

2) екінші деңгейдегі банктерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бірінші кезекте кредиттік қызмет көрсетуге ынталандыратын шаралар жүйесін жасасын.

5. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының қаржы министрлігімен бірлесіп:

1) 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін мемлекеттік кәсіпорындардағы пайдаланылмай жатқан өндірістік объектілер мен алаңдарға, офистік үй-жайларға түгендеу жүргізсін және жарғылық капиталында мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдарда осындай түгендеу жүргізуді қамтамасыз етсін.

1997 жылдың II тоқсаны ішінде аталған объектілерді (үй-жай, алаңдарды) өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сомасын төлеу мерзімін созып 3 жыл ішінде өтейтін етіп тендер арқылы сататын болсын.

1997 жылдың III тоқсаны ішінде пайдаланылмай жатқан өндірістік үй-жайлар туралы ақпарат берген кәсіпкерлердің таңдауы бойынша оларды өндірістік мақсаттар үшін пайдалану шартымен кейін меншігіне беру құқығымен оларға бір жыл мерзімге жалға немесе сенім көрсетіп басқаруға берсін.

Мүлікті беру туралы жасасылған шарттарда, егер осындай шарт жасасылған күннен бастап алты ай өткенге дейін өндірістік қызмет жүзеге асырылмайтын болса, оларды бұзуды қарастыратын талаптар көзделсін. Қайтарылған мүлік қайтадан конкурсқа қойылады;

2) шағын бизнес орталықтары мен инкубаторларын салуға арналған жер учаскелерін анықтасын, өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне нысаналы жолмен 5 жылға дейін мерзімін созып төлеуге жер учаскелерін сату жөнінде ай сайын конкурстар өткізсін, оларға жер иелену актілерін тегін берсін;

3) бір ай мерзімде көп қабатты үйлерде бірлесіп тұру талаптарын бұзбай, өндірістік қызметпен айналысатын кәсіпкерлерге тұрғын үйлердің пәтерлерімен жер төлелерін қайта жоспарлауды келісу рәсімдерін оңайлатсын. Тиісті құжаттарды ақысыз беретін болсын;

4) шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарына өндірістік қызметті ұйымдастыру үшін пайдалану шартымен құрылысы аяқталмаған мемлекеттік объектілерді тендерлік негізде беруді қамтамасыз етсін;

5) өндірістік-шаруашылық қызметтерін лицензиялауды ұйымдастыру жөнінде бұрын қабылданған барлық шешімдер, егер "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында лицензиялардың түрлері мен оларды беру тәртібі тікелей көзделмеген болса, сондай-ақ қалалар мен аудандарды дамытуға, әр түрлі мерекелер мен басқа да шараларды өткізуге арнап жиналатын мәжбүрлі жарналардың барлық түрлері ж о й ы л с ы н ;

6) 1997 жылғы 1 сәуірге дейін шағын кәсіпкерлікті және шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамыту жөнінде қоғамдық құрылымдар өкілдерімен осы Жарлықтың талаптарынан туындайтын міндеттерді талқыласын және олардың қызметін қолдау мен жандандыру жөнінде нақты шаралар қолданысын;

7) шағын кәсіпкерлікті дамыту жөнінде жұмыс істеп тұрған қоғамдық құрылымдардың жұмысын ұйымдастыруға, олардың консультациялар өткізуіне және кәсіпкерлерді өндірістік бизнес негіздеріне оқытуына, оларды қажетті нормативтік, әдістемелік материалдармен, анықтамалық және өзге де әдебиетпен қамтамасыз етуге жан-жақты жәрдем жасап, көмектесетін болсын.

6. Осы Жарлықтың атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК